

«Ата-аналар әлiппесi» отбасы жағдайында тәрбиеленетiн (балабақшада тәрбиеленбейтiн) балаларының ата-аналарына арналған кеңес беру пункт қызметiн ұйымдастыру ережесi

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Балаларды ерте дамыту институтының» (2022 жылғы 27 маусымдағы №6 хаттама) Ғылыми әдістемелік кеңесінде каралып, ұсынылған Атырау қаласы әкімдігінің " №23 "Ынтымақ" бөбекжай-балабақшасы" КМҚК ата-аналарға (занды тұлғаларға) мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балаларға арналған консультациялық пункт құрылды.

Консультациялық пункттің қызметі Атырау қаласы әкімдігінің " №23 "Ынтымақ" бөбекжай-балабақшасы" КМҚК ата-аналарына арналған консультациялық пункт туралы Ережемен реттелген. Пункттің белсенді пайдаланушылары-МДҰ-ға бармайтын, 2 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары.

Кеңес беру пунктiнiң жұмыс кестесi балабақша стендiнде орналасқан.

Мақсаты: отбасылық және қоғамдық тәрбиенің сабақтастығын қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарының, заңды өкілдерінің педагогикалық құзыреттілігін арттыру,

Мектепке дейінгі білім берудің негізгі жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарына бармайтын балалардың толыққанды психикалық және жеке дамуына жәрдемдесу.

Негізгі міндеттері.

- ата-аналардың (заңды өкілдердің) балаларды тәрбиелеудегі педагогикалық құзыреттілік деңгейін және жеке қажеттіліктерін анықтау;

Мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу, оқыту және дамытудың түрлі мәселелері бойынша баланың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) консультациялық көмек көрсету;

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына бармайтын балаларға отбасылық мектепке дейінгі білім беруді сүйемелдеу,

Мектепке дейінгі білім берудің негізгі жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымы мен баланың ата-аналары (заңды өкілдері) арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

КМҚК №23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы консультативтік пункттің жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;
- ұйымдаспаған балалардың құрдастарымен қарым-қатынасына жағдай жасау;
- ата-аналарға мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша кеңестер беру;

- мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне көмек көрсету.

Құрметті ата-аналар!

Егер Сіздің балаңыз балабақшаға келмесе, Сізде баланы тәрбиелеу мен дамытуға байланысты сұрақтар туындаса, Сіз біздің кеңес беретін пунктімізге жүгініп, баланы тәрбиелеу, оқыту, дамыту мен сауықтыру мәселелері бойынша тәжірибелі педагогтардан кеңестік және тәжірибелік көмек ала аласыз.

Біз сіздің сұрақтарыңызға жауап береміз. Сізге психологиялық- педагогикалық әдебиетті тандауға көмектесеміз, түрлі дамыту мен түзету технологияларын үйретеміз, және де Сіздің балаңызбен танысканнан кейін, дәл Сіздің балаңызға жарайтын білім беру бағдарын және тәрбиелеу мен оқытудың бағдарламаларын тандау бойынша ұсыныстар береміз.

Кеңес пунктінің құжаттамалары:

- Пунктің ұйымдастырылуы туралы бұйрық (ережесін, құрамын бекіту);
- АКП-нің жұмыс жоспары;
- АКП-нің жұмыс кестесі;
- Ата-аналарды, балаларды тіркеу журналы;

Пункт құрамында төмендегідей мамандар кеңес береді.

- Менгеруші директор
- Әдіскер
- Педагог-психолог
- Медбике
- Саз жетекші
- Қазақ тілі маманы

Кеңес беру орталығының мамандары мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға дәрістер, кеңестер, дөнгелек үстелдер, жеке әңгімелер өткізеді.

КМҚК №23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы кеңес беру орталығы мына мекен-жайда орналасқан.

Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамба ауылдық округі, Амангелді ауылы, Әліби Жангелдин көшесі, құрылыс 1Б.

Консультациялық пунктің жұмыс кестесі:

Дүйсенбі-Жұма: 10.00-12.00-16.00-18.00

Консультация алуға мына телефонмен жазылуға болады: 25-74-57

Кеңес беру орталығының қызметі ақысыз.

Хабарлама

Кеңес беру пункті

Мектепке дейінгі мекемеге балалары келмейтін ата-аналарға кеңес беру пункті

Құрметті ата-аналар!

КМҚК №23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасында мектепке дейінгі мекеме балалары келмейтін ата-аналарға арналған Кеңес беру пункті ашылды. Егер сіздің балаңыз балабақшаға келмейді, бірақ сізде баланы тәрбиелеу мен оқытуға, баланы дамытуға, баланың денсаулығын нығайтуға қажетті сұрақтар туындаған жағдайда сіз балабақша меңгерушісінен, әдіскерден, педагог-психологтан, медбикеден, қазақ тілі маманынан балабақшаның Кеңес беру пунктінен кеңестер мен практикалық көмек алуыңызға болады.

Әкімшілік



Ата-аналарға кеңес пункті

Құрметті ата-аналар!

Сұрақтарыңыз болса, балабақша мамандарынан кеңес алуға болады.
Мектепке дейінгі мекемеде кеңес беру пункті жұмыс жасайды.

Директор:

Азаматтарға білім алу құқығы туралы және білім беру саласындағы заңдарға енгізілген өзгерістер туралы ақпарат береді.

Әдіскер:

Отбасында балаларды тәрбиелеу жөніндегі педагогикалық мәселелер бойынша кеңес беру.

Үй жағдайында бала мен сабақ жүргізуге ата-аналарға практикалық көмек көрсету.

Педагог-психолог:

Мектепке дейінгі мекеме жағдайына бейімделу және мектепке дайындау мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес береді.

Ата-аналардың сұрауы бойынша жеке психологиялық зерттеу жүргізеді.
Баланың психикалық даму динамикасын анықтау мақсатында жұмыс жүргізеді.

Медбике:

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, шынықтыру және теңдестірілген тамақтандыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңес береді.

Әр түрлі ауруларды алдын-алу ұсыныстарын береді.

Саз және би жетекшілері:

Балалардың музыкалық тәрбиесі бойынша кеңес береді. Балалармен үй жағдайында бос уақытын ұйымдастыруға практикалық көмек көрсетеді.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!!!

«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» базасында
3 жастан 6 жасқа дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйымға
бармайтын және баратын ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған
ТЕГІН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ жұмыс істейді.

Сіздерге:

- 1) (Instagram, Facebook) мессенджерлері, телефон арқылы мамандардың консультацияларын;
- 2) Білім беру ұйымының сайтында мәтіндік консультациялар мен бейнероликтерді, шеберлік сыныптарын;
- 3) Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бейне–ойындарды ұсынамыз.

Консультация алуға мына телефон арқылы жазылуға болады:
+ 7 775 123 29 41



**«Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы КМҚК-ның кеңес беру пункті туралы
ақпарат**

Мекен-жайы	Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамба ауылдық округі, Амангелді ауылы, Әліби Жангелдин көшесі, құрылыс 1Б.
Байланыс телефоны	25-74-57 25-74-65
Директор	м.у.а. Тлепбергенова А.С.
Жұмыс кестесі	
Кеңес беруді жүргізеді	Менгеруші Әдіскер Педагог-психолог Медбике Саз жетекші Хареогроф
Кеңес беру тәртібі	Топтық кеңес беру пункттің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады
Бір кеңес берудің шамамен уақыты	20 минут
Мақсатты аудитория	1. Мекеме тәрбиенушілердің ата-аналары 2. Мектепке дейінгі мекемелердегі мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналары
Кеңес беру пункт	Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету ата-аналарға өз балаларын түсінуге психологиялық-педагогикалық көмек көрсету тәрбие әдістерінің құралдарының жан-жақты жолдарын іздеуде және таңдауда баланың мектепке дейінгі жастағы жеке басының жан-жақты дамуын қолдау баланың білім берудің мектеп кезеңіне көшуі кезінде ең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету
Кеңес беру пункт жұмысының негізгі бағыттары	Балаларды мектепке дейінгі мекемелерге түсуге дайындауда отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

5 қаңтар 2025 ж.

№ 22

Амангелді ауылы

село Амангелды

Кеңес беру пункт туралы

«Ата-аналарға арналған кеңес беру пункттердің қызметін ұйымдастырудың үлгі ережесін» негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төмендегі құрамда педагогикалық және әлеуметтік қызметкерлерден тұратын кеңес беру пунктінің құрамы жасақталсын:
 - А.С.Тлепбергенова – бөбекжай-бақшасы меңгерушісі м.у.а.
 - Г.С.Кошкельдеева – әдіскер;
 - А.Н.Кансултанова – тәрбиеші;
 - А.Н.Ибраева – мейірбике;
 - А.О.Ханатова – қазақ тілі пәні маманы.
2. Кеңес беру пункт жетекшісі Г.С.Кошкельдеева кеңес беру пунктінің жылдық жұмыс жоспары, жұмыс кестесін жасақтасын.
3. Кеңес беру пунктінің жұмысы туралы бөбекжай-бақшасы сайтына, әлеуметтік желілерге жариялансын.
4. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау өзіме қалдырамын.

Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі м.у.а.:

А.С.Тлепбергенова

Бұйрықпен таныстым:

Г.С.Кошкельдеева

А.Н.Кансултанова

А.Н.Ибраева

А.О.Ханатова